

## Мемлекеттік тілді оқыту курстары оқытушыларын іріктеу бойынша конкурс туралы хабарландыру

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мемлекеттік тілді оқыту курстары оқытушыларын іріктеу бойынша конкурс жариялайды.

Мемлекеттік тілді оқыту курстары мемлекеттік тілді меңгеру деңгейлері бойынша онлайн-форматта өткізілетін болады және әрбір деңгей бойынша 120 академиялық сағатты құрайды.

Бір академиялық сағаттың құны 6000 (алты мың) теңгені (жеке табыс салығын, міндетті зейнетақы жарнасын, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жарнасын ұстай отырып) құрайды.

Кандидаттар мына талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- «Оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті», «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандықтары бойынша жоғары филологиялық немесе аталғандарға ұқсас мамандық бойынша білімі бар;

- қазақ тілін оқыту тәжірибесі 5 (бес) жылдан кем емес.

Кандидаттар конкурсқа қатысу үшін мына құжаттарды ұсыну қажет:

- конкурстық іріктеуге қатысушының түйіндемесі;

- жеке басын куәландыратын құжаттардың көшірмелері;

- қажетті жұмыс тәжірибесінің болуын растайтын құжаттардың көшірмелері;

- жоғары білімі туралы дипломдарының көшірмелері;

- бар болса өзге құжаттардың көшірмелері (ұсынымдар, мінездемелер, сертификаттар, ғылыми дәрежесі және (немесе) атақтарының, санатының, ғылыми жарияланымдарының болуы туралы құжаттар).

*Кандидаттар құжаттар топтамасын ұсына отырып, Ұлттық Банктің дербес деректерді жинауына, өңдеуіне, сақтауына және пайдалануына келісім береді.*

Конкурсқа қатысу үшін құжаттар 2022 жылғы 21-27 қаңтар аралығындағы кезеңде [hq@nationalbank.kz](mailto:hq@nationalbank.kz) электрондық поштасы бойынша немесе мына мекенжай: Z05T8F6, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 57 «А», Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, Ұйымдастыру жұмысы және бақылау департаменті бойынша қолға беру арқылы қабылданады.

Құжаттар топтамасын толық ұсынбау конкурстық комиссияның оларды караудан бас тартуына негіз болып табылады.

Құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде кандидаттар конкурстық комиссиямен онлайн-әңгімелесуге шақырылады.

**Толығырақ ақпаратты +7(7172)775124, +7-701-6510626 телефондар бойынша алуға болады.**